

4) перечень теоретических знаний, понятий, которыми должен владеть работник, специалист: на репродуктивном уровне, на творческом уровне, с умением самостоятельно решать производственно-технические задачи.

В 2008 г. в системе профессионально-технического образования Республики разработаны с участием работодателей 72 новых государственных общеобязательных стандартов образования, в 2009 г. также 72, а в 2010 г. запланирована разработка 86 стандартов по направлениям подготовки специалистов. Содержание их образования должно определяться программами, разрабатываемыми и реализуемыми этими образовательными учреждениями самостоятельно, с учетом примерных программ, предлагаемых государственными органами управления образования. На наш взгляд, содержательная деятельность всех субъектов профессионального образования в направлении стандартизации процесса профессиональной подготовки будущих специалистов должна способствовать решению проблем, стоящих перед образовательными учреждениями среднего специального звена.

Список литературы

1. Государственная программа развития технического и профессионального образования в Республике Казахстан на 2008–2010 годы. — Астана, 2008.
2. Закон «Об образовании» Республики Казахстан // Казахстанская правда. — 2007. — С. 2–4.
3. Глоссарий терминов рынка труда, разработки стандартов, образовательных программ и учебных планов // Европейский фонд образования. — ЕФО. — 1997. — С. 4–5.

Г.Әбілқасымова

Е.А.Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

КӘСІБИ ОҚЫТУ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ІС-ТӘЖІРИБЕ БАРЫСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

В статье рассматриваются особенности организации профессиональной практики в подготовке педагогов специальности «Профессиональное обучение» с использованием инновационной технологии. Профессиональная практика выступает в качестве особой социально-образовательной среды, которая ускоряет процесс развития и становления студента как личности.

In article are considered particularities to organizations professional practical persons in preparation teacher to professions «Professional education» with use novelty echnologies. The Professional practice actases the person social-educational ambience, which accelerates the process of the development and formations of the student as personalities.

«Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында» жоғары оқу орындағы оқу-тәрбие үрдісін студенттердің шығармашылығын дамытуға, білім беру қызметіндегі қажеттілікті қалыптастыруға бағытталуы тиіс делінген.

Еліміздің Президенті Н.Назарбаев «Қазақстан–2030» стратегиясында болашақты жасайтын азаматтарды сол ғасыр талабына лайықты тәрбиелеу қажеттілігіне тоқтала келе: «2010 жылға дейінгі бастапқы кезеңде өз мүмкіндіктері мен бәсекелестік қабілеті тұрғысынан келешегі бар еңбекті қажет ететін салаларға көңіл бөлу маманың тәрбиелеу бүгінгі күннің басты талаптарының бірі», — деп атап көрсеткен [1].

Қоғамымыздағы әлеуметтік-экономикалық жаңарулар адам өмірінің қай саласы болсын түбірлі өзгерістер жасауда. Оның ішінде дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі білім беруге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қояды. Бұл талаптарды жүзеге асыруда жаңашыл оқу үрдістерін толық меңгерген, нарықтық экономика талаптарына өз мүмкіндіктері мен мүдделерін барынша үйлесімді ете алатын, мәдени-әлеуметтік жағдайларға бейімделу қабілеті бар кәсіби оқыту мамандардың қажеттігі белгілі.

Кәсіби іс-тәжірибе туралы ереже — Қазақстан Республикасы 2007 жылдың 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы және ҚР Үкіметінің 2005 жылдың 2 наурызындағы № 195 Қаулысымен бекітілген жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің типтік ережелері талаптарымен сәйкес құрастырылған — МЖМБС 5.03.001–2006 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты.

Жоғары оқу орындарының алдында тұрған ең басты міндетінің бірі бұл кәсіби оқыту мамандарын кәсіби тұрғыда бағыттылығын қалыптастыру болып табылады. Бүгінгі таңда студенттердің кәсіби іс-тәжірибесі жоғары білікті мамандар даярлаудың маңызды бөлігі болып табылады, іс-тәжірибе іс-тәжірибенің базасы болып табылатын тиісті ұжымдарда — кәсіпорындарда, мекемелерде, мектептер мен ұжымдарда өтеді.

Осыған байланысты 050120 — «Кәсіби оқыту» мамандарының бітіруші түлектері дербес еңбек жолында бірқатар қиындықтарға жолығатындары тәжірибеде анықталып отырғандықтан, кәсіби бағыттылығын қалыптастыруда кәсіби іс-тәжірибе түрлерін барынша жаңа мазмұнды, жүйелі жүргізу міндеті қойылып отыр.

Дегенмен, кәсіби іс-тәжірибенің түрі, мерзімі, мазмұны жоғары оқу орнының іс-тәжірибе бойынша бағдарламасы және мамандықтың оқу-жұмыс жоспарымен анықталады.

Кәсіби іс-тәжірибе түрлері мамандыққа сәйкес өткізіледі. Білім алушылардың кәсіби іс-тәжірибесі жоғары оқу орнындағы оқу үдерісінде алған білімдерін бекітуге, іс-тәжірибелік дағдыларын игеруге және нәтижелі тәжірибе меңгеруге бағытталған. Білім алушылар кәсіби іс-тәжірибе барысында кәсіби және ұйымдастырушылық жұмыстан тәжірибе жиіліктеуі қажет.

Кәсіби іс-тәжірибе барысында болашақ мамандардың аталған тапсырмаларды орындауы, алынған нәтижелерді талдауы мен қорытындылауы, олардың бұрын алған теориялық білімдері мен біліктерін жетілдірумен қатар, зерттеушілік қабілеттерінің артуына зор ықпал етті.

050120 — «Кәсіби оқыту» мамандарының студенттерінің инновациялық-технологиялық даярлық деңгейлері мынадай әдістердің көмегімен анықталды:

- оқу-бағдарламалық құжаттарды (сабақтың және сыныптан тыс конспектілері, іс-тәжірибе туралы есептері т.б.) талдау;
- тест, сауалнама;
- студенттердің өзін-өзі бағалауын айқындау және кәсіби құзыреттілік деңгейін бағалау.

Бұл кезеңде студенттерде қалыптасқан білім мен біліктер деңгейін және кәсіби іс-тәжірибедегі іс-әрекетке қойылатын бағдарламалық талаптарды негізге ала отырып, мынадай зерттеушілік міндеттер қойылды:

- кәсіби мектеп оқушыларының оқуға қызығушылығын, ынтасын оятып, оларды білім алуға ұмтылдыру;
- инновациялық тұрғыдан жұмысты ұйымдастыру, тапсырмаларды орындау жоспарын мұғалімнің басшылығымен ұжымды түрде дайындау;
- инновациялық педагогикалық технологияларды пайдаланудың негізінде оқушылардың оқып-үйренген жаңа, іс-тәжірибелік маңызды білімдерін айқындау.

Бұл міндеттер студенттердің төмендегідей тапсырмаларды орындауы арқылы шешілді:

- сабақтардың және сыныптан тыс жұмыстардың мазмұны мен жоспарын инновациялық мазмұн, оқыту құралы және оқытуды ұйымдастыру формаларының ескерілуі тұрғысынан талдау;
- инновациялық-технологиялық тұрғыдан жаңашыл мұғалімдердің сабақтарына қатынасу, олардың нәтижелігін айқындау;
- инновациялық педагогикалық технологиялар енгізілген сабақтардың конспектілерін жобалау, құру және өткізу;
- білім беру саласындағы инновациялық ақпараттарды пайдалана отырып, сыныптан тыс жұмыстарды өткізу т.с.с.

Студенттердің аталған тапсырмаларды орындауы негізінде олардың даярлығының қалыптасуы жүзеге асырылды:

1. Студенттер кәсіби оқыту педагогының іс-әрекет ерекшеліктерін ашатын құнды материал жинады, оны олар университетті бітіргеннен кейін өз жұмыстарында пайдалана алады.
2. Мектепте оқу-тәрбие процесінде инновациялық-технологиялық даярлықтарын жетілдіру мүмкіндіктерін жақсы оқып-үйренді.
3. Инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие міндеттерін

шешудегі кәсіби мектеп мұғалімдерінің алдыңғы қатарлы іс-тәжірибесімен танысты.

Үздіксіз педагогикалық іс-тәжірибе студенттерге кәсіби даярлықтарының деңгейін бағалауға, оның бүгінгі таңда мұғалімдерге қойылатын талаптарға сәйкестігін болжауға мүмкіндік берді. Кәсіби іс-тәжірибе болашақ мамандардың өздігінен білімін жетілдіру мен кәсіпқой ізденімпаздықтарын қалыптастыруға ұмтылыстарын белсендірді.

Осыған орай «Кәсіби оқыту» мамандығының инновациялық-технологиялық даярлықтарын жетілдіру процесін бақылай отырып, мынадай жағдайларға көз жеткіздік:

- іс-тәжірибе жеке тұлғаның сапалық қасиеттеріне үлкен әсер етті, студенттердің зерттеліп отырған іс-әрекетке байланысты теориялық білімдерін молайтып, зерттеушілік және кәсіби іс-тәжірибелік біліктерін шыңдады;
- тиімділіктің көрсеткіші ретінде оқушылардың теориялық білімді және практикалық білікті меңгеру сапасы, оқуға ынтасы мен қызығушылығының қалыптасуы және мотивтің дамуы алынды.

Инновациялық-технологиялық даярлықты жетілдірудің бір жолы студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу қабілеттерін дамыту болғандықтан, кәсіби іс-тәжірибе барысында оларға төмендегідей тапсырмаларды орындау талап етілді:

- эксперименттік жұмыс міндеттерін анықтау, нақтылау және оны шешудің негізгі жолдарын белгілеу;
- жалпытехникалық және арнайы пәндер мен еңбек технологиясын оқыту бағдарламаларын оқып-үйрену, зерттеу және олардағы тақырыптар мазмұнына қосымша материалдар енгізу, соның нәтижесінде сабақ беру;
- кәсіби іс-тәжірибе барысында жаңа материалды түсіндіру, алынған білімдерді бекіту және білім, білік, дағдыларды жалпылау, жүйелеу мен тексеру үшін инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану;
- бағдарламалық материалды толықтыруды көздейтін инновациялық ақпараттар негізінде құрастырылған тапсырмалар жүйесін пайдалану;
- инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалана отырып, сабақтар жүйесін және сыныптан тыс жұмыстарды өткізу;
- эксперименттік жұмыс негізінде алынған нәтижелерді жинақтап қорыту және талдау;
- кәсіби мектепте жұмыс істеуге өздерінің даярлық деңгейлерін бағалап, саралау.

Кәсіби іс-тәжірибе барысында студенттердің осы бағыттағы тапсырмаларды орындауы, зерттеу нәтижелерін талдап, қорытындылауы, біріншіден, базалық және бейіндік пәндер бойынша алған білім, білік, дағдыларын жетілдірсе, екіншіден, олардың инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруға ықпал етті.

Кәсіби оқыту мамандықтарының іс-тәжірибе барысында инновациялық-технологиялық даярлық деңгейін бағалауда мынадай негізгі өлшемдер қолданылды:

- студенттің базалық және бейіндік пәндер бойынша теориялық дайындығының деңгейі;
- оқушылардың жеке тұлға ретіндегі қарым-қатынасын педагогикалық процесс барысында ізгілендіру жағдайында ұйымдастыру;
- мамандық бойынша педагогикалық біліктілігінің қалыптасу деңгейі;
- оқу-әдістемелік жұмыстарды инновациялық-технологиялық тұрғыдан ұйымдастыруды меңгеру дәрежесі;
- кәсіби оқыту педагогының инновациялық іс-әрекетін меңгеруде зерттеу әдістерін қолдана білу;
- педагогикалық мамандыққа бейімділігі, жаңашылдық іс-әрекеті, әлеуметтік белсенділігі;
- өзінің іс-әрекетін талдауы, өзіндік баға бере алуы.

Сонымен, жоғары оқу орындарында оқу үрдісінде алынған теориялық білімді бекітуге, тәжірибелік дағды мен білікке ие болуға, яғни кәсіби іс-тәжірибе базасы болып табылатын белгілі ұйымдарда алдыңғы қатарлы тәжірибені меңгеруге, бағытталған болып отыр.

Жоғары оқу орнындарындағы педагогикалық іс-тәжірибе студенттердің теориялық білімдерін өздігімен тәжірибеде қолдана білудегі орны туралы О.А.Абдуллина, Ю.К.Бабанский, Н.И.Болдыров, Н.В.Кузьмина, А.И.Пискунов, В.А.Сластенин және тағы басқа авторлар еңбектерінде көрсеткен.

Дегенмен, педагогика ғылымында педагогикалық іс-тәжірибелік түрліше бағытта зерттеліп келгендігі анықталды.

Бірінші бағыттағы ғалымдар О.А.Абдуллина, Р.В.Кулиш педагогикалық кәсіби іс-тәжірибенің мазмұны, мақсат, міндеттері, оны өткізудің тиімді әдіс-тәсілдері және формасы, бірыңғай қойылатын талаптары, іс-тәжірибе нәтижелерін бағалау өлшемдерін анықтайды.

Осыған байланысты 050120 — «Кәсіби оқыту» мамандығының студенттері келесі оқу іс-тәжірибесі ұйымдастырылады:

- өндірістік;
- технологиялық;
- педагогикалық;
- диплом алдындағы.

Диплом алдындағы іс-тәжірибе кезінде білім алушылар кәсіпорынның, мекеменің, ұжымдар мен мектептердің өндірістік қызметі туралы нақты деректер жинақтап, оны бітіру жұмысын әзірлеу барысында қолданады.

Жоғары оқу орнында таңдалып алынған мамандықтың бағдарына қарай, студенттер іс-тәжірибе өту барысында нақты жағдайда кәсіпорындарда немесе мектептерде төменде аталған жұмыс түрлерін үйренеді [2]:

- өндірістің технологиясын;
- өндірісті басқару және ұйымдастыру, өнімнің сапасын бақылау мен стандарттау, еңбек өнімділігі мен тиімділігі резервтерін анықтау бойынша шараларды;
- жабдықтар, аспаптар, есептегіш техникалар, бақылау-өлшегіш құралдар, саймандар, сонымен бірге өндірістік үрдістерді механикаландыру және автоматтандыруды;
- мектептердің, мәдени мекемелердің және т.б. жұмысын;
- педагогика, психология саласында жүргізілген зерттеу нәтижелерін;
- ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық, жаңашыл-өнертапқыштық жұмыстарды ұйымдастыруды;
- қауіпсіздік және пайдалы еңбек жағдайын қамтамасыз етуді және жасауды.

Осыған орай іс-тәжірибе бағдарламасы төмендегілерді назарда ұстауды қажет етеді:

- студенттердің жекелей тапсырмаларын орындау мерзімі мен мазмұнын;
- студенттердің ұжымдар, мекемелер, кәсіпорындардың жаңашыл және өнертапқыштық жұмысына қатысуын;
- саяхат жүргізудің мерзімі мен болжалды мазмұны;
- студенттердің іс-тәжірибе бойынша есеп беруге дайындалу тәртібі және қорғау мерзімі;
- тәжірибеден өтетін студенттерге дәріс оқу және кеңес беру.

Сонымен, «Жалпытехникалық пәндер және еңбекке баулу әдістемесі» кафедрасында іс-тәжірибе бағдарламаларын, мамандық бағдарын, кәсіпорын сипатын, іс-тәжірибе объектісі болып табылатын ұйымды ескере отырып жасайды және білім беру мекемесінің жетекшісімен бекітіледі.

Жоғары оқу орны студенттері кәсіби іс-тәжірибені өткізу үшін келісімді негізде ұжымды, кәсіпорынды, мектептерді іс-тәжірибенің базасы ретінде анықтап, олармен іс-тәжірибені өткізудің күнтізбелік кестесімен және бағдарламасымен келіседі. Келісімде жоғары оқу орнының, іс-тәжірибенің базасы мен білім алушылардың міндеттері белгіленеді. Келісім қойылған шартқа сәйкес іс-тәжірибені өткізу мен ұйымдастыруды жоғары оқу орны мен іс-тәжірибе базасының жетекшілері жауапкершілігіне алады [3].

Іс-тәжірибеге оқу-әдістемелік басшылық жасауды, оқу жоспарының орындалуын, іс-тәжірибе бағдарламасы мен оның өткізілу сапасын жоғары оқу орнының тиісті кафедралары жетілдіреді.

Дегенмен, кәсіби бағыттылығы құрылымы туралы еңбектердегі әр түрлі көзқарастарды талдау нәтижесінде және зерттеуіміздің нысанасына сәйкес біз студенттердің кәсіби бағыттылығы құрылымында ең маңызды компоненттері ретінде қызығулар, қажеттіліктер, мотивтер мен бейімділіктерді, білім, біліктілікті және дағдыны бөліп алу мүмкін деп ойлаймыз.

Ал кәсіби білім берудің негізгі мақсаты — бұл сәйкес деңгейдегі мамандандырылған қызметкерлер дайындау, нарық майданында бәсекеге қабілетті, білікті, жауапкершілігі бар, өз мамандығын еркін меңгеретін, мамандығы бойынша дүниежүзілік стандарт деңгейіндегі тиімді жұмысқа қабілетті, ұдайы кәсіптік өсуге дайын мамандар даярлау.

Өндірістік іс-тәжірибені ұйымдастыру қағидаларының ұстанымдық негізі кафедра және кәсіпорын мүдделерінің балансы болып табылады: өндірістік іс-тәжірибенің пайдалы жағы кафедра үшін қандай болса, кәсіпорын үшін де дәл сондай екендігін анықтау қажет.

Педагогикалық іс-тәжірибедегі жұмысын жоспарлауда болашақ мамандардың кәсіби шығармашылығын дамыту бүгінгі күн талаптарына сай болуы керек деген қағиданы негізге алдық. Үздіксіз педагогикалық іс-тәжірибе бағдарламасындағы талаптар мазмұнын игерудегі мақсат — мектепте педагогикалық мамандықпен танысу; әр түрлі оқу орындарының түрлерін көру: гимназиялар, лицейлер, колледждер және мектеп-интернаттар, балалар үйі, т.б. мектеп құжаттарымен танысу және теория мен іс-тәжірибенің бірлігін (мұғаліммен пікірлесу) жүргізу; педагогикалық технологияны үйрену.

Осыған орай мемлекеттік оқу жоспарында 050120 — «Кәсіби оқыту» мамандығы бойынша болашақ маманды кәсіби даярлауда педагогикалық іс-тәжірибе жоспарланған. Мысалы, «Жалпытехникалық пәндер және еңбекке баулу әдістемесі» кафедрасының оқу жоспарында кәсіби оқыту мамандығы бойынша 1–4 курстармен педагогикалық іс-тәжірибелер ұйымдастырылып, педагогикалық іс-тәжірибе үздіксіз және арнайы маманданған түрлерді қамтиды деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. — Алматы: ЮРИСТ, 2007. — 41-б.
2. Балабаева А.И. Педагогикалық практикада студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру: Пед. ғыл. канд. ... дис. автореф. — Алматы, 2005. — 28-б.
3. Сабиров Т.С. Педагогика институттарында оқу-тәрбиелік процесін жетілдіру. — Алматы: Мектеп, 1985.

УДК 37.01

М.И.Джексембекова

Казахский государственный женский педагогический университет, Алматы

МЕЖПРЕДМЕТНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТА-МУЗЫКАНТА

Мақалада жоғары оқу орны студентінің пәнаралық жете білушілік мәселесі қаралады. Бұл мәселе өзіндік қиыншылығы, жан-жақтылығы, жүйелілігімен, дұрыс мақсатта, жетістігімен педагогикалық үрдісте анықталады. Сондай-ақ пәндер байланысы негізінде оқу үрдістің тиімділігін жоғарлатады.

The problems of the inter-subject competence of a university student are examined in the present article. This problem introduces a complex many-sided process; its success is defined by the systematic character and purposefulness of the pedagogical process. The intensive development of many-sided abilities of a musician's personality that promote formation of the inter-subject competence is also examined in the article.

Определение теоретико-методологических основ формирования компетентностного специалиста даст возможность педагогическим кадрам, организаторам вузовской подготовки поднять на новый уровень управление качеством его профессиональной подготовки в контексте модернизации национальной системы образования, ориентированной на то, чтобы сделать будущего специалиста конкурентоспособным не только в пределах своей страны, но и в мировом сообществе.

В последние годы проблема межпредметной компетентности, рассматриваемая в тех или иных ракурсах, является одной из центральных в различных областях научного знания, в том числе в теории и практике музыкального образования. По отношению к педагогической деятельности межпредметная компетентность имеет особую значимость, обретая статус самостоятельного понятия, пронизывающего все звенья учебно-познавательного процесса и активно участвующая в становлении студента-музыканта, делая подход к решению комплексных задач, стоящих перед системой образования, способным обеспечить подготовку специалиста нового типа, обладающего высокой степенью профессионализма, творчески мыслящего, чутко реагирующего на преобразования, вызываемые потребностями эпохи, привить любовь к избранной профессии [1].